

Қосымша

15.02.2019 жылғы № 02-03/60 № 02-03/60 бұйрыққа

## **Білім беру мекемелері қызметкерлерінің сыртқы келбеттері туралы ережелер**

### **1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы ереже білім беру мекемелері (бұдан әрі-Мекеме) қызметкерлерінің сыртқы келбеттеріне қойылатын талаптарды белгілейді.

1.2. Осы Ереже:

- мекемемен жасалған еңбек көлісімі бойынша білім беру Мекемесінде жұмыс жасаушы, білім мекемесі қызметкерлерінің сыртқы келбеттері туралы ережелерге қол қойған қызметкерлерге тарайды.

### **2. Білім беру Мекемелері қызметкерлерінің сыртқы келбеттері мен іскери стилі**

2.1. Білім беру Мекемелері қызметкерлерінің сыртқы келбеттері Мекеменің іскери атмосферасына, іскери әлемде қабылданған жалпы нормалар мен ережелерге сәйкесуі тиіс.

2.2. Қызметкерлердің, ердердің де, әйелдердің де киімдері қатаң, іскери стильде, консервативті –классикалық бағытта болу керек.

2.3. Спорттық, жағажай пляжного стилядегі киім мен аяқ киімдерге, оның ішінде, джинсы киім, шорты, ашық-шашық сарафандар, футболкалар, теннискалар, спорттық күртешелер киуге жол берілмеуі тиіс.

2.4. Киімнің бояу нақышы классикалық, іскери стилюге сәйкес болу керек, мейлінше ашық түсті және ала-бажақ түсті киімдерді киуге болмайды.

2.5. Жұмысқа үтіктелмеген, ұқыпсыз киілген киіммен келуге жол берілмейді.

2.6. Әшекейлер таңдаған кезде саликалылық пен сабырлылық таныту керек, көлемді, жарқын бижутерия тақпаған жөн.

### **3. Әйел қызметкерлерге қойылатын талаптар**

3.1. Көк, сұр, ақшыл қоңыр, қара, қою қызыл түсті заманауи пішілген костюм. Қырыспайтын, табиғи матаны таңдау.

3.2. Юбканың ұзындығы тізеге дейін плюс-минус 5 см; тілігі артында, оның ұзындығы - 10 см.ден артық болмау керек. Юбканың фасоны - классикалық тік етекті. Шұлық пен колготкиды жазғы күні де киу

міндетті түрде. Тұсі - ақшыл, сарғыш, суретсіз. Ашық бояулы, әр түрлі түсті шұлық пен колготки киуге жол берілмейді.

3.3. Шалбар киуге болады, классикалық үлгіде пішілген, тік балақты немесе төменгі жағына қарай тарылған шалбарларды таңдау.

3.4. Жейде, жеңіл құртеше (блузка) – ашық және ақшыл, ақ, көк, көгілдір түсті. Жейде мен костюм арасындағы бояу үйлесімі максимал. Костюмның екі элементі бірдей өрнекті болмауы тиіс. Жазғы уақытта жакетпен үйлестіріп қысқа жең кофта киуге болады.

3.5. Қатқыл түрде пішілген бір түсті көйлектер немесе юбка мен жеңіл құртеше (блузка) киуге болады.

3.6. Аяқ киім – бір түсті (қара, көк, сұр, қоңыр, қою күрен), тұмсығы жабық, өкшесінің биіктігі 5 - 6 см. классикалық іскери үлгідегі туфли. Жазғы уақытта тұмсығы жабық және өкшесі ашық туфли киуге болады.

3.7. Аксессуарлар: бір материалдан дайындалған шағын әшекейлер ( 2 - 3 металлдан әдейі жалаған бұйымдардан басқа, алтын және күміс бұйымдар бірге тағылмайды). Сырға - 2,5 см. ұзын емес,

3.8. Шаш әрдайым таза, ұқыпты тарапып, жиналған болуы тиіс. Шаш үлгісі айшықты көріну керек. Бос жіберілген шаштың барынша ұзындығы иыққа дейін ғана болу керек. Егер шаш одан ұзын болса, артқа немесе төбеге түйіп қою.

3.9. Әйелдерге арналған жеңіл макияж ( егер мәжіліс болмаса, немесе келушілер күтілмесе) әрдайым міндетті емес.

3.10. Қолдар: тырнақтың ұзындығы орташа, табиғи түсті маникюр.

#### **4. Ер қызметкерлерге қойылатын талаптар**

4.1. Костюм –қара көк, сұр, қоңыр және қоңырқай-жасыл түсті жіңішке жолақты классикалық үлгіде.

4.2. Костюммен киілетін жейденің жеңіл ұзын ( жейденің манжеттері жеңінің астынан 1,5 - 2 см. көрініп тұрсын; жазда жеңіл иық ортасына дейін түсіп тұратын шолақ жеңді жейде киуге болады, пиджак міндетті түрде болу керек. Жейде матасы 80 - 100% мақтадан болсын. Түстері ашық және ақшыл, ақ, көк, көгілдір түсті. Жейде мен костюм арасындағы бояу үйлесімі максимал. Костюмның екі элементі бірдей өрнекті болмауы тиіс.

4.3. Галстук міндетті түрде. Оның тұсі – көйлектен ақшыл және костюмнен қанық болуы керек, бояуы айшықты болмасын; ені - пиджак лацкандарының еніне сай ; ұзындығы - белбеудің ортасына немесе төменгі тұсына дейін.

4.4. Аяқ киім әрқашан тазартылған, жалтырап тұру керек. Бәтеңкелер - классикалық ( жұқа табанды, баулы), іскери үлгіде. Тұсі - қоңыр, қара.

4.5. Аксессуарлар – тек қажеттісі ( сағат, неке жүзігі).

4.6. Шаш әрдайым таза, ұқыпты тарапып, жиналған болуы тиіс. Шаш үлгісі айшықты көріну керек. Шаштың ұзындығы 3 - 7 см. Сақал қою қажет емес.

4.7. Қолдар күтілген жағдайда болу: тырнақтар қысқа алынған, таза.